

"Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау ережесін бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 6 сәуірдегі N 233 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 6 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6218 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 104-Ө бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 04.04.2014 № 104-Ө бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 9-бабы 1-тармағының 1б)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау ережесі бекітілсін.

2 . М ы н а д а й :

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2004 жылғы 8 қарашадағы «Балық ресурстарын және басқа да су жануарлары түрлерін пайдалануға биологиялық негіздеме әзірлеу ережесін бекіту туралы» № 106-п бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3245 болып тіркелген, жариялануы: Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер Бюллетені, 2005 ж. № 1 нөмірімен жарияланған);

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2004 жылғы 18 қарашадағы «Жануарлар дүниесін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа) пайдалануға биологиялық негіздеме әзірлеу ережесін бекіту туралы» № 245 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3256 болып тіркелген, «Құқықтық газетте» 2005 ж. 7 қазанында № 185-186 (919-920) нөмірімен жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамамен белгіленген тәртіппен

мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2010 жылғы 6 сәуірдегі

№ 233 бұйрығымен бекітілген

Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 9-бабы 1-тармағының 1б) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме (бұдан әрі - Биологиялық негіздеме) дайындаудың тәртібін айқындайды.

2. Биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, балықтардың жалпы жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға және жануарлар дүниесінің басқа да объектілерін алып қоюға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті шаруашылық және өзге де қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды.

3. Биологиялық негіздемені дайындау келесі жағдайлар мен мақсаттарда жүзеге асырылады:

1) жануарлардың түрлерін санаттарға жатқызу және оларды жануарлар дүниесінің бір санатынан басқасына ауыстыру;

2) балықтарды аулаудың және жануарлар дүниесінің басқа объектілерін алудың жол берілетін жалпы көлемін айқындау;

3) жануарлар дүниесінің санын реттеу;

4) жануарлар дүниесінің акваөсіру, жерсіндіру, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру;

5) жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу;

6) жануарлар мен олар мекендейтін ортаға шаруашылық және өзге қызметтің әсерін айқындау;

7) мелиорациялық аулау кезінде.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.12.06 № 18-02/627 Бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Биологиялық негіздеме дайындау

4. Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме бір жыл ішінде жануарлардың өткен жылдағы санының есеп материалдары, жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның мониторингі, ғылыми зерттеулер негізінде дайындалады.

Жануарлар дүниесін пайдалануға биологиялық негіздемені дайындау жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Балық және басқа да су жануарларын аулаудың жол берілетін жалпы көлемін айқындау мақсатында биологиялық негіздеме түр құрамын көрсете отырып, 2 жылға дайындалады.

5. Биологиялық негіздемеде келесі мәліметтер:

1) жануарлар дүниесі объектілері үшін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа) биологиялық негіздеме әзірлеудің мақсаты: объектілердің атауы және олардың санаттары;

таралу аймағы, санының динамикасы, материалды жинау әдістемесі, есепке алу тәсілдері, есеппен алынған аудан және түрлер бойынша есеп, бірнеше жылғы саны бойынша деректер;

болжамды алу учаскесінің шекаралары, бет-бедерінің, өсімдік жамылғысының сипаттамасы, гидрологиялық шарты, ауа-райы көрсетілген аумақ (акватория);

қазақ, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген объектілердің жай-күйі туралы, орташа өнімділік пен табиғи өсімін молайтуға қабілеттілік, тұяқты және ірі жыртқыш жануарлар үшін таралымның жыныстық-жастық құрамы;

2) балық ресурстары және басқа да су жануарлары үшін биологиялық негіздеме дайындаудың мақсаты:

қызметті жүзеге асыру көзделген шектегі су объектісі, су айдыны және (немесе) учаскесі;

биологияның негізгі ерекшеліктері, карта-схемамен станцияны таңдау негіздемесі, таралу аймағы, санның динамикасы, материалды жинау әдістемесі, есепке алу тәсілдері, есеппен алынған аудан және түрлер бойынша есеп, бірнеше жылғы саны бойынша мәліметтер;

болжамды алу учаскесінің шекаралары көрсетілген аумақ (акватория), мекендейтін ортаның жай-күйі туралы ақпарат (су айдынының гидрологиялық,

гидрохимиялық, гидробиологиялық сипаттамасы, тұрақты дамудағы айқындағыштардың жай-күйі және акваөсіру мақсаттары үшін пайдалану мүмкіндіктері);

қазақ, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген балық ресурстарының және басқа да су жануарларының жай-күйі туралы, орташа өнімділік пен табиғи өсімін молайтуға қабілеттілік, шығу тегі және кәсіпшілік қор.

Жануарлар дүниесінің объектілері үшін болжамды алу (оңтайлы жол берілетін аулау) көлемінің негіздемесі және оның жануарлар дүниесі объектілерінің жай-күйіне әсер ету (ықпал ету) болжамы, жануарлар таралымының тұрақты жай-күйі нормативтерінің болуы, кәсіптің шектеулері көрсетіледі.

Биологиялық негіздеме диаграммалардан, кестелерден, карта-схемалардан тұрады.

6. Биологиялық негіздеме жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсынылады.

3. Биологиялық негіздемені оның мақсаттарына және жануарлар дүниесінің санаттарына орай дайындау ерекшеліктері

7. Биологиялық негіздемені жануарлар дүниесінің санатына орай дайындаған кезде осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа мынадай қосымша мәліметтер келтіріледі:

1) «жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері» - саны, зерделену дәрежесі, таралуы жөніндегі көп жылғы деректер;

2) «аңшылық объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері» – аңшылық алқаптары туралы ақпарат (аңшылық шаруашылығының санаты, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың түрі, аңшылық алқаптардың резервтік қоры), жануарлар дүниесі объектісінің шаруашылық мәні, пайдалану түрі (кәсіпшілік, спорттық-әуесқойлық, коллекциялық және ғылыми мақсаттарда) және аңшылық алқаптардың сыйымдылығы (жемшөптік, ұялық, қорғау факторлары);

3) «балық аулау объектілері болып табылатын балық ресурстары және басқа да су жануарлары үшін» – балық шаруашылығының су айдындары және (немесе) учаскелері туралы ақпарат (ерекше қорғалатын табиғи аумақтың түрі, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қоры, жануарлар дүниесі объектісінің шаруашылық мәні, пайдалану түрі (кәсіпшілік, спорттық-әуесқойлық, коллекциялық және ғылыми және өзге де мақсаттарда) және су айдындарының және (немесе) учаскелерінің балық өнімділігі;

4) «аң аулау мен балық аулауды қоспағанда, жануарлардың басқа да

шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын түрлері» – жануарлар дүниесі объектісінің шаруашылық мәні және популяцияның лимиттелу факторының б о л у ы ;

5) «халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылық және басқа үй жануарларының ауруларынан сақтану, қоршаған ортаға зиянды болдырмау, ауыл шаруашылық қызметіне, балық шаруашылығына елеулі зиян келтірілу қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге жататын жануарлардың түрлері» – жануарлар дүниесі объектісінің шаруашылық мәні, зиян келтірудің ықтимал дәрежесі, келтірілген зиян.

8. Аңшылық және балық аулау объектілері болып табылатын жануарларды пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаған кезде жануарларды аулаудың жол берілетін шекті көлемін айқындау үшін популяцияның өсімін болжау әдісі пайдаланылады. Кейіннен, әрбір шаруашылықта жануарларды аулаудың көлемін кәсіпшілік қарсаңындағы есеп алу, олар мекендейтін айналы мониторингі, алудың оңтайлы көлемі, климаттық және әлеуметтік фактор деректеріне арналған түзетумен өзгерту қажет.

9. Арнайы пайдалану кезінде жануарларды алудың жол берілетін шекті көлемін есептеу жануарлар дүниесін пайдаланушылар үшін биологиялық сан алуандыққа ықтимал зиянды ескере отырып, алудың нормативтері, популяцияның динамикасы мен мекендеу ортасының өзгеру үрдісін зерделеудің объективті көп жылдық деректері негізінде бөлек жүргізіледі.

10. Жануарларды акваөсіру, интродукциялау реинтродукциялау мен будандастыруға арналған биологиялық негіздемені дайындаған кезде келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) интродукция аумағында мекендейтін басқа түрлермен ықтимал өзара қатынас, өткен және қазіргі таралу аймағының түрі туралы;

2) интродукцияланатын түрлермен өзара әсерді болжау, су жануарлары үшін биотехникалық жұмыс жүргізу жөніндегі ұсыныстар; орналастыру материалдарын алған орын; даму сатысы; орналастырудың биологиялық және шаруашылық мақсаттылығы; экономикалық – кәсіпорын құрылысы мен оны күтіп-ұстау жөніндегі есеп; орналастыруға ұсынылған су организмдерінің биологиялық, экологиялық сипаттамалары; орналастыру жүргізу мерзімі, орналасатын объектінің шаруашылық, экономикалық, кәсіпшілік, азықтық және өзге де сипаттамалары, экожүйеге және оның құрамына кіретін құнды объектілерге ықтимал әсері;

3) орналасу объектілерінің аурулары және олардың орналасатын су айдынының фаунасы мен флорасына және көрсетілген аудан тұрғындарына ықтимал қауіптілігі; жерсіндіру объектілерінің таза тобын іріктеп алу бойынша ұ с ы н ы с т а р ;

4) іс жоспарланған ауданда биоценозға әсер етудің бағасы, аумақтың табиғат
қ о р ғ а у м ә р т е б е с і .

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
2012.12.06 № 18-02/627 Бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Шаруашылық және өзге қызметтің жануарлар дүниесі объектілері мен олар мекендейтін ортаға әсерін айқындаған кезде мекендейтін ортаның болжамды сипаты мен өзгеру дәрежесі, әсер ету мерзімі, теріс әсерді азайту үшін ұсынылып отырған өтемақы шаралары, әрқилы түрлер мен түрлердің жүйелік топтарына әсерді сараптамалық бағалау туралы мәліметтер келтіріледі.